

## **Қостанай ауданы әкімдігінің және Қостанай аудандық мәслихатының кейбір бірлескен қаулылары мен шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 392 және Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 544 бірлескен қаулысы және шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 9334 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің және Қостанай аудандық мәслихатының кейбір бірлескен қаулылары мен шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

"Затобол кентінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы" 2006 жылғы 12 шілдедегі № 321/36 (2006 жылғы 21 шілдеде "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-41 болып тіркелген);

"Қостанай аудандық мәслихатының және Қостанай ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 12 шілдедегі № 321/36 "Затобол кентінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы" бірлескен шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 29 шілдедегі № 514/2186р (2014 жылғы 12 қыркүйекте "Арна" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5057 болып тіркелген).

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай ауданының әкімі*

*В. Радченко*

*Сессия төрағасы*

*А. Ахметов*

*Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Аксаутова*